

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

.09.2022 ж. № 05-0-13/

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
А.М. Жамаловқа

08.09.2022 ж. №ДЗ-239 депутаттық сауалға

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк)
08.09.2022 ж. №ДЗ-239 сұратуыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Кредиттеу және жоғары базалық мөлшерлемеге қатысты

Ақша-кредит талаптарының қатаңдатылуына (базалық мөлшерлеменің артуына) қарамастан, банктер кредиттік белсенділігін жалғастыруда. Өткен жылы ЕДБ кредиттік портфелі 18,5 трлн теңгеге дейін **26,5%-ға (3,9 трлн теңге)** өсті. Өткен жылғы кредиттеу үрдісінің жалғасын біз биылғы жылы да байқап отырмыз. Биылғы жылдың басынан бастап кредиттік портфель шілдеде **20,4 трлн теңгеге дейін 10,1%-ға (1 864,5 млрд теңге)** өсті.

Заңды тұлғалардың кредиттік портфелі өткен жылы **7,8 трлн теңгеге дейін 9,3%-ға (661,8 млрд теңге)**, ал биылғы жылы **8,0 трлн теңгеге дейін тағы 2,9%-ға (222,3 млрд теңге)** өсті.

Егер ЕДБ-ға жаңа кредиттер беруді қарастырсақ, онда олардың ағындары, әсіресе заңды тұлғаларға берілген кредиттер экономикадағы іскерлік белсенділікті ынталандырады. Мысалы, өткен жылы заңды тұлғалар **9,9 трлн теңгеге бұрынғы кредиттерін өтеу кезінде заңды тұлғаларға жаңа кредиттер беру 11,1 трлн теңгеге дейін 20,3%-ға** өсті. Осы жылғы қаңтар-шілде айларында заңды тұлғаларға берілген кредиттер өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **7,0%-ға** ұлғайып, **6,4 трлн теңгені** құрады.

Микроқаржы, квазимемлекеттік, ипотекалық ұйымдардың ЕДБ қарыздарын қоса алғанда, кеңейтілген анықтамадағы кредиттер биылғы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2022 жылғы 1-жартыжылдықта **7,7%-ға** ұлғайып, **25,2 трлн теңгені** құрады.

Бұл ретте экономиканы кредиттеуді одан әрі ынталандыру туралы мәселеде **экономиканы кредиттеу банктердің іскерлік белсенділігіне** және қарыз алушылардың төлем қабілеттілігі бойынша олардың **күтулерін** ескере отырып, кредит беруге **дайындығына** байланысты екенін назарда ұстау қажет. Осылайша, заңды тұлғалардың кредит портфелінің динамикасын кредит бойынша ұсыныстың болмауы емес, **кредит төлеуге қабілетті сұраныстың** жетіспеуі тежейді.

Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі 6-18 ай аралығында инфляцияның және инфляциялық күтулердің баяулауына бағытталып, теңгедегі активтерді қорғауға ықпал етеді.

Бұл ретте ағымдағы жағдайларда базалық мөлшерлеменің төмендеуі **ұзақ мерзімді перспективада кредиттеу үшін айтарлықтай теріс салдарларға** әкелуі мүмкін. Ақша нарығындағы теңгедегі активтер кірістілігінің төмендеуі нарыққа қатысушылардың валюталық таңдауларының өзгеруіне және салымдардың долларлануын ұлғайтуға себеп болады.

Өз кезегінде, базалық мөлшерлеменің төмендеуі банктік кредит мөлшерлемелерінің төмендеуіне де алып келе алмауы мүмкін. Инфляция мен инфляциялық күтулердің өсуі, кредитке сұраныс және дағдарыс жағдайында сапалы қарыз алушылардың жетіспеушілігі қарыз алу құнына әсер ете отырып, тәуекел үшін сыйлықақының өсуіне ықпал ететін болады. Салымдар бойынша мөлшерлемелердің төмендеуі салымдарды жүйеден алып қоюға әкелуі мүмкін, салымдарды долларландыру және алып қою нәтижесінде банк жүйесінің ресурстық базасы төмендейді.

Рубль мен теңге арасындағы тікелей айырбастау бағамын қалыптастыруға қатысты

Теңгенің Ресей рубліне қатысты айырбастау бағамы **теңге мен рубльдің АҚШ долларына қатысты** жеке-жеке өзгеруіне тікелей байланысты.

АҚШ долларына қатысты теңге мен рубль арқылы есептелген кросс-бағамнан ерекшеленетін рубль-теңге бағамын жасанды түрде белгілеу автоматты түрде **төрелік және валюта нарығындағы алыпсатарлық шабуылдар үшін** жағдай жасайды.

Бағамды ұсынылған деңгейде жасанды түрде ұстап тұру алтынвалюта резервтерінің тез таусылуына қауіп төндіреді, бұл елдің макроэкономикалық тұрақтылығын толығымен бұзады. Ұлттық валюта бағамын қандай да бір деңгейде белгілеу қысқа мерзімді шешім болып табылады, өйткені резервтер таусылғаннан кейін айырбастау бағамы әділ деңгейге қайта оралады. Осыған байланысты ұлттық валюта бағамымен қандай да бір айла-шарғы жасау және рубльмен немесе кез келген басқа валютамен кросс-бағамға ықпал ету мақсатындағы әкімшілік шаралар қажетті нәтижеге алып келмейді.

Рубль сыртқы нарықтарда өтімді валюта болып табылғандықтан, Қазақстанның компаниялары рубльге Ресей Федерациясындағы тауарларды немесе сыртқы нарықта долларды кедергісіз сатып ала алады.

Рубль-теңге бағамының ағымдағы нарықтық деңгейі жергілікті өндірушілер тауарларының бәсекеге қабілеттілігі үшін қолайлы жағдай жасап,

ішкі өндірісті дамытуға алғышарттар белгілейтінін атап өткен жөн. Жалпы алғанда, бағамды бағаларға ауыстыру тиімділігін төмендету үшін Үкіметтің экономика салаларын қолдауы және ішкі нарықты отандық өндіріс тауарларымен толықтыруға бағытталған шараларды жүзеге асыруы арқылы елдің импортқа жоғары тәуелділігі проблемасын құрылымдық шешу қажет.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыруға қатысты

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ын балалардың 18 жасқа толғанға дейінгі арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аудару ұсынылады. Кәмелетке толғаннан кейін жинақталған сома тұрғын үй сатып алуға және білім алуға бағытталатын болады.

Осы бастаманы жан-жақты пысықтау қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу тапсырылды.

Осыған байланысты ҚР Үкіметі ҚР Ұлттық Банкімен бірлесіп пысықтағаннан кейін іске қосудың барлық тетігі мен регламент жарияланатын болады.

ҰҚ-ны екі қорға бөлу жөніндегі ұсынысқа қатысты

2023 жылдан бастап контрциклдық бюджет қағидасы күшіне енеді, ол республикалық бюджет тапшылығын жабу үшін Ұлттық қордың қаражатын пайдалану саясаты мен инвестициялық кірісті ұлғайту саясаты арасындағы теңгерімді қолдауға да бағытталған. Мысалы, қағидаға сәйкес кепілдендірілген трансферттер түріндегі алып қою көлемі мұнайдың консервативтік бағасы кезінде Ұлттық қорға болжанатын түсімдерден аспайтын болады.

Сонымен қоса, қордың ұзақ мерзімді кірістілігін арттыру және оңтайлы құрылым құру мақсатында жүргізілетін жинақтау портфелінің активтерін теңгерімді аллокациялауға көшу аяқталуға жақын. Ұлттық Банк бұл аллокацияны активтерді басқару жөніндегі жетекші әлемдік компаниялармен бірлесіп әзірлеген және активтердің табысы барынша жоғары сыныптарының үлесін ұлғайтатын болады.

Осының барлығы болашақ ұрпақ үшін қаражат жинау бойынша қордың жинақтау функциясын нығайтуға ықпал етеді.

Жеке екі қорға бөлу жөніндегі Сіздің ұсынысыңызға қатысты Ұлттық қордың ағымдағы құрылымында тұрақтандыру және жинақ портфельдері бар екенін хабарлаймыз. Тұрақтандыру портфелі – республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету арқылы республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы жағдайға тәуелділігін төмендетуге арналған жоғары өтімді портфель. Ал жинақ портфелін басқару қаржы ресурстарын үнемдеуге және болашақ ұрпақ үшін жинақтарды қалыптастыруға бағытталған.

Ұлттық қор инвестицияларының ұзақ мерзімді ерекшелігін және биылғы жылы қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың өсуімен расталатын инвестициялық табыстың тұрақсыз сипатын ескере отырып, қордың орташа жылдық тарихи кірістілігі негізінде «Ұлттық қор – балаларға»

бағдарламасының мақсаттары үшін инвестициялық табысты есептеу ұсынылады. Осылайша, балаларға инвестициялық табыстың жартысын есептеу жекелеген жылдардағы теріс кірістілік кезінде де жүргізілуі мүмкін.

Төраға

Ғ. Пірматов

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

.09.2022 г. № 05-0-13/

Депутату Мажилиса
Парламента Республики
Казахстан
Жамалову А.М.

На депутатский запрос №ДЗ-239 от 08.09.2022 г.

Уважаемый Аманжан Макаримович!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев Ваш запрос №ДЗ-239 от 08.09.2022 г., сообщает следующее.

Касательно кредитования и высокой базовой ставки

Банки продолжают кредитную активность несмотря на ужесточение денежно-кредитных условий (повышение базовой ставки). В прошлом году кредитный портфель БВУ вырос на **26,5%** (3,9 трлн тенге) до 18,5 трлн тенге. Продолжение прошлогоднего тренда кредитования мы наблюдаем и в текущем году. Кредитный портфель с начала т.г. вырос на **10,1%** (1 864,5 млрд тенге) до **20,4 трлн тенге** в июле.

Кредитный портфель юридических лиц в прошлом году вырос на **9,3%** (661,8 млрд тенге) до **7,8 трлн тенге**, а в т.г. – еще на **2,9%** (222,3 млрд тенге) до **8,0 трлн тенге**.

Если смотреть на **выдачу новых кредитов БВУ**, то их потоки, особенно юридическим лицам, стимулируют деловую активность в экономике. К примеру, за прошлый год **выдача новых кредитов** юридическим лицам выросла на **20,3%** до **11,1 трлн тенге** при **погашении старых кредитов** юридическими лицами на **9,9 трлн тенге**. В январе-июле т.г. **выдача кредитов** юридическим лицам составила **6,4 трлн тенге**, увеличившись на **7,0%** по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

Кредиты в расширенном определении, включая займы БВУ микрофинансовых, квазигосударственных, ипотечных организаций, по состоянию на 1 июля т.г. составили 25,2 трлн тенге, увеличившись на 7,7% за

1 полугодие 2022 года.

При этом в вопросе о дальнейшем стимулировании кредитования экономики необходимо учитывать, что **кредитование экономики** зависит от **деловой активности** и **готовности банков** выдавать кредиты с учетом их ожиданий по платежеспособности заемщиков. Таким образом, динамику портфеля кредитов юридических лиц сдерживает недостаток **кредитоспособного спроса**, а не отсутствие предложения кредита.

Текущий уровень базовой ставки направлен на замедление инфляции и инфляционных ожиданий на горизонте 6-18 месяцев, а также способствует защите тенговых активов.

При этом снижение базовой ставки в текущих условиях может привести к более серьезным **негативным последствиям для кредитования в долгосрочной перспективе**. Снижение доходности тенговых активов на денежном рынке станет причиной смены валютных предпочтений участников рынка и увеличит долларизацию вкладов.

В свою очередь, снижение базовой ставки может не привести к такому же снижению банковских кредитных ставок. Рост инфляции и инфляционных ожиданий, спрос на кредиты и недостаток качественных заемщиков в условиях кризиса будут способствовать увеличению премии за риск, отражаясь на стоимости заимствования. Снижение ставок по вкладам может привести к изъятию вкладов из системы, в результате долларизации и изъятия вкладов снизится ресурсная база банковской системы.

Касательно формирования прямого обменного курса между рублем и тенге

Обменный курс тенге по отношению к российскому рублю напрямую зависит от того, как ведут себя **индивидуально тенге и рубль по отношению к доллару США**.

Искусственное установление курса рубль-тенге, отличного от кросс-курса, рассчитанного через тенге и рубль по отношению к доллару США, автоматически создают условия для **арбитража и спекулятивных атак на валютном рынке**.

Искусственное поддержание курса на предлагаемом уровне также грозит быстрым истощением золотовалютных резервов, что полностью подрывает макроэкономическую стабильность страны. Установление на каком-либо уровне курса национальной валюты является кратковременным решением, так как после истощения резервов обменный курс вернется на справедливый уровень. В связи с чем, какие-либо манипуляции с курсом национальной валюты и административные меры в целях воздействия на кросс-курс с рублем или любой другой валютой не приведут к желаемому результату.

Рубль является ликвидной валютой на внешних рынках, казахстанские компании могут беспрепятственно покупать за рубли товары в Российской Федерации или доллары на внешнем рынке.

Необходимо отметить, что текущий рыночный уровень курса рубль-

тенге создает благоприятные условия для конкурентоспособности товаров местных производителей и создает предпосылки для развития внутреннего производства. В целом, для снижения эффекта переноса курса на цены необходимо структурное решение проблемы высокой импортозависимости страны путем поддержки Правительством отраслей экономики и осуществления мер, направленных на насыщение внутренних рынков товарами отечественного производства.

Касательно реализации программы «Нацфонд – детям»

В соответствии с Посланием Главы государства, предлагается отчислять 50% от ежегодного инвестиционного дохода Национального фонда на специальные накопительные счета детей до достижения ими 18 лет, без права досрочного снятия. По достижении совершеннолетия накопленные суммы будут направлены на приобретение жилья и получение образования.

Учитывая необходимость тщательной проработки этого начинания, поручено запустить проект с 1 января 2024 года.

В этой связи, весь механизм и регламент будет озвучен после проработки Правительством РК совместно с Национальным Банком.

Касательно предложения по разделению НФ на два фонда

С 2023 года вступает в силу контрциклическое бюджетное правило, которое, в том числе, направлено на поддержание баланса между политикой использования средств Нацфонда для покрытия дефицита республиканского бюджета и политикой увеличения инвестиционного дохода. Так, в соответствии с правилом объем изъятий в виде гарантированных трансфертов не будет превышать прогнозируемые поступления в Нацфонд при консервативной цене на нефть.

Также, подходит к завершению переход к сбалансированной аллокации активов сберегательного портфеля, который проводится с целью повышения долгосрочной доходности фонда и создания оптимальной структуры. Данная аллокация разработана Национальным Банком совместно с ведущими мировыми компаниями по управлению активами и будет увеличивать доли более доходных классов активов.

Все это способствует укреплению сберегательной функции фонда по накоплению средств для будущих поколений.

Касательно Вашего предложения по разделению на два отдельных фонда, сообщаем, что в текущей структуре Национального фонда существуют стабилизационный и сберегательный портфели. Стабилизационный портфель – это высоколиквидный портфель, который предназначен для снижения зависимости республиканского бюджета от ситуации на мировых сырьевых рынках посредством обеспечения трансфертов в республиканский бюджет. Тогда как управление сберегательным портфелем направлено на сбережение финансовых ресурсов и формирование накоплений для будущих поколений.

Учитывая долгосрочную природу инвестиций Национального фонда и нестабильный характер инвестиционного дохода, который подтверждается

возросшей волатильностью на финансовых рынках в текущем году, расчет инвестиционного дохода для целей программы «Нацфонд детям» предлагается производить на основе среднегодовой исторической доходности фонда. Таким образом, начисление половины инвестиционного дохода детям возможно будет производить даже при отрицательной доходности в отдельно взятые годы.

Председатель

Г. Пирматов